

«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы
бойынша білім бөлімінің «Балапан» бөбекжай балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында
кезектен тыс өткізілген жиналысының

ХАТТАМАСЫ №2

Белкөл кенті

05.12.2022 жыл

Қатысқан қызметкерлер саны: 31

Күн тәртібінде:

1. «Сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы» баяндама – балабақша меңгеруші Г.Т.Алтынбекова
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту міндеттері» - балабақша әдіскері О.М.Саутбаева
3. «Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері» - кәсіподақ комитетінің төрайымы: Г.Б.Махатова

Тыңдалды:

1.Сөз алған балабақша меңгерушісі Г.Т.Алтынбекова: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Сыбайлас жемқорлық қоғамдық өмірдегі ең қауіпті факторлардың бірі болып табылады, ол мемлекеттің жалпы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына ғана емес, сонымен бірге оның барлық құрамдас бөліктеріне де зиянды әсер етеді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді.Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр.«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға

сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Елімізде жемқорлықпен және ұйымдасқан қылмыстықпен күресті күшейту шараларына орай «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» арнайы заңдар қабылданды.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Құрметті қызметкерлер әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысыңдар деп өз сөзін аяқтады.

2. Әдіскер О.М.Саутбаева: 2026 жылдың қорытындысы бойынша күтілетін негізгі нәтижелер:

1) азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға барынша тартылуы;

2) ашық және қоғамға есеп беретін мемлекеттік аппарат;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқарудың тиімді жүйесі;

4) транспарентті бюджеттік процестер және бәсекелес сатып алу;

5) сыбайлас жемқорлық үшін жауапқа тартудың әділ жүйесі.- дей отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамытуда орындалатын міндеттерге тоқталды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту тәсілдері мынадай міндеттерді орындау арқылы іске асырылатын болады:

1) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін жою;

3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру. Сондай-ақ "е-Өтініш" арнаулы сервисін енгізу арқылы азаматтардың жолданымдарымен жұмысты қайта іске қосу жүзеге асырылды, ол шағымдарды ыңғайлы және жылдам беруге, олардың каралуын онлайн-режимде қадағалауға мүмкіндік беретініне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

3. Кәсіподақ төрайымы Г.Б.Махатова сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.

2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.

3. Оқу-білім үрдісінде педагогтар мен ата-аналар тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр педагог білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

Кәсіподақ төрайымы Г.Б.Махатова тақырып негізінде, сөзін «Жемқорлықсыз қоғам-нұрлы болашақ кепілі» деп қорытындылады.

Шешім қабылданды:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын; Жауапты: меңгеруші Г.Т.Алтынбекова;
2. «Жемқорлықсыз қоғам-нұрлы болашақ кепілі» тақырыбында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы дөңгелек үстел ұйымдастырылсын. Жауапты: Кәсіподақ төрайымы Г.Б. Махатова.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Handwritten signatures of G.T. Altynbekova and A.B. Boranbaeva.

Г.Т.Алтынбекова

А.Б.Боранбаева